

ҚАЗАҚТЫҢ  
ТӘЛІМДІК  
ОЙЛАР  
АНТОЛОГИЯСЫ

1



# ҚАЗАҚТЫҢ ТӘЛІМДІК ОЙЛАР АНТОЛОГИЯСЫ

(ОН ТОМДЫҚ)

*1-том*

## ЖЫР ТАҒЫЛЫМЫ



Сөздік-Словарь  
Алматы  
2005

ББК 74.03(2)

Қ 19

*Бұл туынды Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша басылып шықты.*

**Томның редакциялық алқасы:**

Беркімбаева Ш. К. (төрайым), Жарықбаев Қ. Б., Құнантаева К. Қ.,  
Қалиев С. Қ., Қожахметова К. Ж., Құсайынов А. Қ.,  
Нұрғалиева Г. Қ., Омарбеков Т.

**Пікір жазғандар:**

*Қудайқұлов М.* — педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеттің профессоры.

*Керімов Л.* — педагогика ғылымдарының докторы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институттың профессоры.

*Негімов С.* — филология ғылымдарының докторы, ЕурАзия университетінің профессоры.

**Қ 19 Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: 1-том. Жыр тағылымы. Құрастырушылар:** Қалиев С., Аюбай К. — Алматы: “Сөздік-Словарь” баспасы, 2005.— 408 бет.

ISBN 9965-409-86-2

Онтомдық Антология қазақ тәлім тарихының 30 ғасырын қамтиды. Ондағы материалдар гуманитарлық пәндер бойынша жоғары оқу орындары оқулықтарына қосымша дереккөз ретінде ұсынылады. 1-том қазақ ауыз әдебиеті поэзия жанрындағы халықтық педагогиканың 41 тағылымдық қырын қамтуға арналған.

Антология тәлімгер ғалымдар мен ізденушілерге, оқытушылар мен мұғалімдерге, сондай-ақ ұлттық тәлім тарихына қызығушы жалпы оқырман қауымға арналған.

Қ 4302000000  
00(05)-04

ББК 74.03(2)

ISBN 9965-409-86-2 (Т. 1)  
ISBN 9965-409-85-4

© “Сөздік-Словарь” баспасы, 2005  
© Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2005

# ҚАЗАҚТЫҢ ТӘЛІМДІК ОЙЛАР ТАРИХЫНА ШОЛУ



## ҚАЗАҚТЫҢ ТӘЛІМДІК ОЙЛАР ТАРИХЫНАН

Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына 2004 жылға арнап жолдаған Үндеу хатында 2004—2005 жж. мәдени-тарихи мұраларды сақтау, жинау, қорландыру жылдары деп атауды ұсынып, зиялы қауымға мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық білім берудің толымды қорын жасауды міндеттеген еді.

Көп ұзамай 2003 жылғы қарашаның соңындағы Ұлттық кеңестің мәжілісінде жасаған баяндамасында бұл мәселені айқындай түсіп: “Мәдени мұраның екінші үлкен бағыты — ТМД елдері мен шетелдік мұрағаттардағы Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды, қолжазбаларды, сирек кездесетін кітаптарды, ең болмағанда көшірмелерін алдыру — кезек күттірмейтін іс болуға тиіс.

Баршаға белгілі ақиқат — кешегі кеңес заманында ұзақ жылдар бойы Қазақстан тарихына байланысты ғылыми зерттеулерімізде ата тарихымыздың ақиқаты бүркемеленіп, қызыл идеологияның ыңғайында жазылып келді... тарихшыларымыз сол ата тарихының “ақтаңдақтарын” ашуға келгенде әлі күнге дейін шабандық танытып отыр” — деген болатын.

Бұл сөз тәлім тарихына да қатысты екендігін мойындауымызға тура келеді. Өйткені бүгінге дейінгі педагогика тарихы кеңестік кезеңдегі әдебиеттерге сүйенеді. Ол әдебиеттер бойынша өз тұсындағы коммунистік идеологияға сәйкес қазақ тәлімінің тарихын тек кеңестік кезеңнен бастауға мәжбүр болдық. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері қазақ этнопедагогикасына байланысты ақтаңдақтардың орнын біршама толықтырдық. Дегенмен, ежелгі дәуірден бергі жазба мұраларды игеруде әлі тереңдей алмай отырмыз. Соның салдарынан ұлттық педагогика ғылымының қалыптасу үрдісін ғылыми тұрғыда толық және жан-жақты дәйектей алмай келеміз.

Осы олқылықтың орнын толтыру үшін тарих көзіне тереңірек үңіліп, көне мәдениетті бағалауға жаңаша көз-



қараспен қарау, сойтіп педагогикалық ойлар тарихының көптомдығын шығару арқылы қазақтың ұлттық тәлім тарихының жүйесін бүгінгі күн тұрғысынан қайта пайымдау қажет болып отыр. Бұл іс онтомдық “Тәлімдік ойлар антологиясы” арқылы іске асырылмақ.

Ондағы негізгі мақсатымыз: 1. Қазақстан тәлімінің ежелгі заманнан бергі даму тарихынан мағлұмат беретін бағалы мұраларды жинақтап, бір жүйеге келтіру. 2. Тәлім тарихын кешегі кеңестік партиялық идеологиядан арылтып, бүгінгі қазақстандық біртұтас тәрбие жүйесін құру мақсатына сәйкес қайта түзу. 3. Балабақша тәрбиешілері мен мектеп мұғалімдеріне, студенттер мен ғылыми ізденушілерге, тәлімгер-ғалымдар мен жалпы ұлттық тәлім тарихына қызығушылық танытқан оқырмандар назарына ұлттық тәлім тарихының мағлұматтар кешенін ұсыну.

Сайып келгенде айтарымыз — отыз ғасырлық мәдениет тарихын қамтитын “Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясын” шығарудағы мақсатымыз — бүгінгі егемен Қазақстанның ұрпақ тәрбиелеуде көп ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеті бар екендігін келер ұрпақтың санасына ұялату.

Қазіргі баспасөз беттерінде ғалымдардың бір тобы қазақ халқының мәдениет тарихының бастау бұлағы көне сақ дәуірінен басталады десе, екіншілері Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен басталады дейді. Ал үшінші ғалымдар тобы біздің жыл санау дәуірімізге дейінгі IV—III ғасырдағы Авеста жазуынан басталады деп болжам айтуда. Шындап келгенде, мұның бәрі мұрағаттық деректерге сүйенбеген, көне жазба ескерткіштерді ғылыми топшылау арқылы айтылған ой тұжырымдар. Осы болжамдарға сүйене отырып, ұлттық тәлімдік ойлардың даму тарихын шартты түрде алты кезеңге бөліп топтастыруды жөн көрдік.

Біріншісі — педагогикалық ой-пікірлердің ілкі бастау-бұлақтары, яғни біздің жыл санауымызға дейінгі Авеста жазуынан басталып, I—V ғасырдағы сақ дәуірін V—VIII ғғ. түркі тілдес халықтар мәдениетін (Орхон-Енисей жазба ескерткіштерді) қамту кезеңі.

Екінші — орта ғасыр заманындағы тәлімдік ойлар (IX—XIV ғғ.).

Үшінші — қазақ хандығы дәуіріндегі ұлттық тәлім-тәрбие (XIV—XVIII ғғ.).

Төртінші — Қазақ хандығының ыдырауы, Қазақстанның орыс патшасына бағынуымен байланысты тәлімдік ойлардың демократиялық бағыттағы толысу кезеңі (XIX ғ. мен XX ғ. 20-жылына дейінгі кезең).

Бесінші — педагогикалық ой-пікірдің кеңестік дәуірдегі дамуы (XX ғ. 20-жылдар мен 90-жылдар аралығындағы кезең).

Алтыншы — егемен Қазақстандағы ұлттық мәдениеттің қайта жандану кезеңі.

Көшпелі халықтардың отырықшы елдерге қарағанда өзіндік ерекшелігімен дараланып көзге түсетін өзгеше мәдениеті болатынын бұрын-соңғы тарихшы-этнограф ғалымдардың бәрі атап өткен болатын. Мәселен, атақты орыс тарихшысы М. Вяткин қазақтар туралы: “Дұрысын айтсақ, қазақ халқының мәдениеті Қазақстанның тереңіне өкетеді. Оның тамыры Қазақстан даласында көшіп жүрген ежелгі тайпалардың творчествосымен астарласады. Ол қазақтың халық болып қалыптасу дәуірінен әлдеқайда алыста жатыр. Ол осы тайпалардың көшпелі тұрмысы негізінде пайда болған, өзіндік сипаты бар көне мәдениет және басқа халықтар мәдениеті сияқты оптимизмге толы” — дейді.

Ал XIX ғ. екінші жартысында Қазақстан жерінде болып, қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын терең зерттеп, еңбек жазған академик В. В. Радлов: “Менің қазақтар арасында ұзақ уақыт тұрып, олардың салт-дәстүрімен танысқанымда көзім жеткен ақиқат: бұлардың өзіндік ерекше мәдениеті бар халық екендігі. Біздің отандастарымыз ойлағандай, олар тіпті де тағы, ауыздықсыз, басбұзар, қарақшы, тұқымын күртуге тұрарлық халық емес. Олардың мінез-құлқына отырықшы халықтарға қараған көзқарастан басқаша көзқараспен қарау керек. Олардың өмірге көзқарасы, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, бір сөзбен айтқанда, бар өмірі мен еңбегі малмен тікелей байланысты болғандықтан, жыл бойы көшіп-қонуға негізделген. Ойды бейнелеп беруі және ашық, айқын, өткір айта білуі жағынан қырғыздарды (қазақтарды — С.Қ.), тіпті, Батыс Азияның француздары деуге болады” — деп, қазақ мәдениетіне аса жоғары баға береді.

Қысы қатты, жазы ыссы, қуаңшылық далада үнемі ат үстінде мал соңында болған қазақ жұртынан тылсым

табиғат биік моральдық қасиеттерге ие болуды талап етті. Олардың ең бастылары: көшпелі мал шаруашылығының тетіктерін жете игеру; еңбек сүйгіштік пен төзімділік; ел намысын қорғаудағы жаужүректік; ата тегін ардақтау; сөз асылын қастерлеу; тапқырлық пен алғырлық, ат құлағында ойнау; ата салтын бұзбау (жасы үлкенді сыйлау, құдайы қонақтың меселін қайтармау, корші хақын жемсеу).

Көшпелі тұрмыс пен қатал дала табиғаты адамдарға қойылатын талап-тілектің де аса қатал болуын және оның мүлтіксіз орындалуын қажет етті. Мәселен, бала ес білгеннен бастап із кесіп, көшіп-қонар қоныс қарап, табиғаттың алуан құбылысын байқап-болжап, жұлдыз санап өскендіктен, оның көзі қырағы, көкірегі саналы болды. Аң аулап, мал баққан жас буын ақын-жыраулардың тағылымын, әншінің өлеңі мен әуесін, күйшінің күміс күйін көксейіне қондырып, ел аузындағы ұлағатты осіет сөздерді, мақал-мәтелді, ертегі пен жұмбақты, терме мен толғауды, шежіре-жырларды жаттап, жадында сақтап, халық даналығын өзіне рухани азық етті.

Көшпенді халық үшін аң-құс аулау, мал күзету т.б. тұрмыстық дағдысына айналды. Кез келген көшпелі әрі жауынгер, әрі малшы, әрі шаңырақ иесі болып саналды. Осыдан барып “Өнерді үйрен де жирен”, “Жігітке жетпіс өнер аз”, “Шебердің қолы ортақ” т.б. мәтелдер өмірден өзекті орын алды. Ал ол жігіттің “Сегіз қырлы, бір сырлы” өнегелі-өнерлі болуын қалаудан туған ойдың тілдегі көрінісі еді.

Көшпелі қауымда әр адамның қадір-қасиеті оның жасына, әлсуметтік ортадағы орнына қарай белгіленді. Осындай қоғамдық қатынастарды көріп өскен жағдайда адамдардың мүдделестік, көзқарас бірлігі, кісілік қарым-қатынас нормалары айқындалып, жеке бастың қоғамдық норманы берік сақтауына, “психологиялық” хал-ахуалдың бірыңғай болуына мүмкіндік туғызды. Ал ол қауымдастық мүшелерінің бір кісінің баласындай болып бірігіп топтасуын, рулық салт-дәстүрлерді берік сақтауын қажет етті. Осыдан келіп бата беру, ортақ жауға бір кісідей болып бірігіп, топталып аттану, ата-баба, ру-аймақ намысын бірігіп қорғау, ант ішіп ақталу, жора қылу, дау-шарға төрелік айту, үйлену тойлары мен олікті жөнелту рәсімдерін рулас-ағайын-туғандардың бірлесіп атқарысуы сияқты салт-дәстүрлер дүниеге келіп орнықты.

Ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар адамның дүниеге келуімен, өмірдің әр кезеңіндегі түрлі оқиғалармен (шілдехана, бесікке салу, тұсау кесу, сүндетке отырғызу, атқа мінгізу, мектепке бару, үйлену немесе тұрмысқа шығу, өлікті жөнелту: жетісін, қырқын, жылын беру т.б.) байланысты туындаған.

Қазақ халқы баланың дүниеге келуін ерекше бағалап, қуанышпен атап өткен. Тіпті, балаға қамқорлық ол іште жатқаннан бастап-ақ жасалған. Мысалы, аяғы ауыр әйелге жүк көтертпеу, оның жерік асын тауып беру, жас босанған әйелді сорпа беріп қалжалау, оның күтімін қадағалау. Нәресте тәрбиесі: бөлеу, емізу жөнінде еселерінің жас келінге ақыл-кеңес беруі, сәбиді күн сайын тұзды сумен шомылдыру, денесін маймен сылау, шала туған баланы түлкі тымаққа салып өсіру, оны бие сүтімен асырау т.б. сәбиге деген қамқорлықтың айғағы.

Халқымыздың бала туғанда оның кіндігін қалаулы адамына кестіруі, шілдехана жасап, ойын-той өткізуі, нәрестенің туғанына қырық күн толғанда ауылдың үлкендерін жинап, елдегі үрім-бұтағы өскен, беделді бәйбішелердің біріне бесікке салғызуы, аузы дуалы, елге сыйлы қариялардың біріне нәрестенің атын қойғызуы, бала тәй-тәй басып жүре бастағанда шаруаға икемді, еңбексүйгіш, пысық әйелдердің біріне тұсауын кескізуі — бала солардай абыройлы, беделді, бақытты азамат болса екен, үлкендердің бойындағы жақсы қасиеттер баланың бойына дарыса екен деген тілектерден туған ырымдар.

Сәбиді тербете отырып, айтатын бесік жырында аналар баласына тіл-көзден, ауру-сырқаудан аман болып ер жет, мал бақ, кәсіп ет, өнер жолын қу, ел шетіне жау келсе қолыңа қару алып еліңді жаудан қорға, ата-ананың, ел-жұртыңның намысын дұшпанға таптатпа деген тілек-арманын да білдіреді.

Өз ұрпағының еңбексүйгіш, елгезек, өнегелі, өнерлі, инабатты, абзал азамат болып өсуін армандаған қазақ халқы есі кіріп, бұғанасы қата бастағаннан-ақ қыз баланы үй сыпырып, төсек жинап, ыдыс-аяқ жуып, шай құюға, су әкеліп, ас пісіруге, мал саууға, киіз басып, жіп иіріп, өрмек тоқуға, іс, кесте тігуге т.б. үйдің ішкі жұмыстарына үйретсе, ұл балаларды қозы-лақ қайыруға, мал бағуға, құлын ұстап,

тай үйретуге, отын шабуға, қора салуға, ағаштан, теріден, темірден, сүйектен түрлі бұйымдар жасауға т.б. қолөнер шеберлігіне үйреткен. “Ана көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар” деген мақал осының дәлелі.

Жастарға ән айтқызу, күй шерткізу, өлең-жыр жаттату, жаңылтпаш, жұмбақ үйрету немесе теңге алу, жамбы ату, күе салып саяткерлік құру, аударыспақ, күрес т.б. ұлт ойындарын үйрету тәрбиенің басты мақсаты еді.

Қыздар мен жігіттер бас қосқан жерде бір-біріне жұмбақ айтысып, ән шырқасып, күй шертісіп, өнер сынасқан.

Әсіресе ойын-тойда қыз бен жігітті айтыстырып, жеңімпазға бәйге беріп көтермелеу ежелгі ел дәстүрі болған.

Ар-ожданды адам бойындағы ең асыл қасиет деп ұққан халқымыз “Малым — жанымның садақасы, жаным — арымның садақасы”, “Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі”, “Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді” деп ой түйіндеген.

Өз халқын шапқыншылықтан қорғауда ерлігі аңыз болып өлең-жырға қосылған Қобыланды, Ер Тарғын, Ер Сайын, Ер Қосай, Ер Көкше, Қамбар, Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Кенесары, Наурызбай, Баян, Қарқабат, Сүраншы, Саурық, Сырым, Исатай сияқты батырлар жастайынан халық тәрбиесінің бесігінде тербеліп өскен.

Халқымыз ежелден сөз ұстаған шешенді, ел бастаған көсемді қол бастаған батырлардан кем қадірлемеген.

Кемеңгер ойшыл ұлдары: Қорқыт ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет Иасауи, Махмұт Қашғари, Ахмет Жүйнеки, Сайф Сараи, Дулати, Жалаири, Абай, Шоқан, Ыбырайларды былай қойғанда, Жиренше шешен мен қаз дауысты Қазыбекті, әділдігімен қара қылды қақ жара билік айтқан Әнет баба мен Төле, Әйтеке билерді, ақындығымен, ақылымен хандарға кеңесші бола білген Доспанбет, Жиёмбет, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар т.б. жырауларды, күмбірлеген күміс күйімен оймес мұра қалдырған Құрманғазы, Дәулеткерей, Ықылас, Тәттімбет, Диналарды, әсем әнімен тыңдаушысын тамсандырған Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, үкілі Ыбырай, Иманжүсіп, Майра, Мұхиттарды, әрі балуан, әрі ақын, әрі сазгер Балуан Шолақ, Ағаш аяқ, Мәди, Әсет, Шашубайларды тәрбиелеп өсірген де осы халық.

Көркем сөз өнерінен еркін сусындап, өлең мен жырды, ән мен күйді бесіктен белі шықпай жатып рухани азық етіп

оскен қазақ жастарының осы асыл қасиеттерін соңғы бірер ғасырда қазақ даласында болған В. Н. Татищев, Г. Ф. Миллер, В. В. Вельяминов-Зернов, А. Левшин, Г. Н. Потанин, В. В. Радлов, Н. Ф. Катанов, Н. Л. Зеланд, П. М. Мелиоранский сияқты орыс, украин, поляк, неміс зиялылары, ғұлама ғалымдары қорегендікпен доп басып айта білді. Мәселен, Алексей Левшин өзінің “Қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы” (1832) атты еңбегінде қазақтардың салт-санасын, дінін, әдет-ғұрпын, шаруашылық кәсібін, мәдениетін сөз ете келіп, қазақтар табиғатпен қоян-қолтық етене өмір сүрген, тіршілікте қанағатшыл, қонақжай, жайбарақат, кең далада таза ауамен тыныстаған, денсаулығы мықты, күшті де қуатты, аштыққа, ыстық-суыққа шыдамды келеді” — деп сипаттаған.

Ерте дәуірлердегі көптеген ғұламалардың еңбектері түркі (кейде түран-иран-араб) халықтарының ортақ игілігіне айналып, жалпы адамзаттық мәдени мұраларға қосылған бағалы үлес болып табылады. Бұлардың қатарында Заратуштра, Анахарсис, Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Райхан Бируни, әл-Бозжани, Әбу-л-қасым Замахшари, Бұрханиддин Зарнуджи, Әбу Әли ибн Сина (Авиценна), Омар Хайям, Ибн Хордадбех, әл-Хорезми т.б. атауға болады.

Соңғы ғылыми пікірлер бойынша, Заратуштра осыдан 3000 жылдай бұрын, Еділ өзенінің шығыс жағалауындағы Ұлы Түран жазығында (қазіргі Батыс Қазақстан аумағы) киіз туырлықты сипаттама ұлысында дүниеге келіп, бала күнінен адам мен ғаламның, болмыстың сырын ұғуға талпынып, табиғат құбылыстарына терең үңіледі. Отыз жасқа толғанда әлемді жаратушы — Ахура Мазданың күдіретімен Заратуштра жаңа ілімін жұртқа насихаттай бастайды.

Заратуштра адамның екі дүние рақатына кенелуі үшін “ізгілікті ойға беріл”, “ізгілікті сөз айт” және “ізгілікті іс тындыр” деген үш шартты негізге алады. Бірақ оның уағзын көшпелілер қабылдамай, өзін қуғынға ұшыратқандықтан, Бактрия елінің (қазіргі Түрікменстан, Ауғанстан аумағы) билеушісі Вишгаспа патшасын барып паналайды. Оның қолдауымен Заратуштра ілімі Бактрия арқылы ежелгі Иранға тарайды. Заратуштраның “Авеста” атты діни уағыздары бастапқыда ауызша таралып, біздің дәуіріміздің алғашқы

ғасырларында “авеста тілінен” көне парсы тіліне аударылып, әуелі қыш-кітапқа, кейіннен қағазға түсірілген.

Көшпенділердің діни ұғымдары мен сөз сарыны Заратуштраның уағыздары үндестігімен аңғарылады.

Аярланған ажалдан сақта,  
Дольшыпқтан, тажалдан сақта.  
Қорқынышты ту ұстаған,  
Қан шеңгелдеп уыстаған,  
Жаудың көрінен сақта.  
Долы долық қыстаған,  
Бұзықтыққа нұсқаған,  
Дәулердің бәрінен сақта,—

дейтін жыр жолдары осының айғағы.

Заратуштра іліміндегі өзекті идея — ізгі сөз, ізгі ой, ізгі іс-әрекет бірлігі идеялары халықтық педагогикадан айқын аңғарылады. Мысалы, “Жақсы сөз — жарым ырыс”, “Сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады” т.б.

Заратуштра ілімін ежелгі гректер жоғары бағалаған. Оны Платон бақсылардың ұстазы деп санаса, авестатанушы орыс ғалымы Л. А. Лелеков: “Гректер өз жүйелерінің Заратуштрадан бастау алатынын мақтан еткен. Пифагордың өзі тағылар пайғамбарының шәкіртімін деп жариялады”, — дейді.

Сақ кемеңгері Анахарсис те (Анарыс) ежелгі гректерге танымал ғұлама болған. Ол:

“Садақ пен қорамсақты ғана асынып,  
Сақтардың ішінде ғана өмір сүрсең,  
Онда мен сияқты сен де еркіндікте жүрер едің”, —

деп, еркіндік идеясын ту етіп тұтынған ойшыл. Бұл идея кейінгі көшпенділерде дәстүрлі жалғасымын тапқанына қоне түркі жазба ескерткіштері мен қазақтың ақын-жырауларының еркін ойлы жауынгерлік рухтағы өлеңдері дәйекті дәлел бола алады.

Ескі қоне мәдени мұралардың біріне Орхон-Енисей бойынан тасқа қашап жазылған қоне жазба ескерткіштер жатады.

Мұндай қоне мұралардың ішіндегі бізге кеңірек мәлім болғандары — түркі көсемі Білге қаған, Күлтегін батыр



мен ақылғой Тоныкок құрмстiнe қойылған құлпытастар. Оларда Ұлы түркі қағанаты халықтарының тұрмысы мен салты, мәдениеті мен жаугершілік жортуылдары айшықты да мәнерлі тілмен өсиет сөз үлгісінде баяндалады. Бұларда қазіргі қазақтардың сөз саптау үлгісіне жақын шешендік өнердің дәстүрлі формалары айқын байқалады. Ортағасырлық түркі тілді әдебиеттің таңдаулы туындыларынан да ұшыраспайтын бұл жазуларда тәңірінің “жарлығымен” болатын бектер мен қара халықтың қағанға адал берілгендігі, қағандардың қараларды билеп-төстеуі жайында сөз қозғалады. “Егер сен, түркі халқы, өз қағаныңнан, өз бектеріңнен, өз отаныңнан жырақ кетпей, бірге жүрсен, сен өзін де бақытты өмір сүресің, өзіңнің от басыңда болсаң, еш нәрседен мұқтаждық көрмейсің.” — дейді. Бұл жазулардан түрлі тап өкілдерінің өзіндік ерекшеліктері, психологиясы жақсы аңғарылады. Мәселен, мұнда бұқара халықтың қаған мен бектерге үзілді-кесілді мойынсұнуы талап етіледі. Түркі халқына қамқорлық жасау мәселесі де тас жазулардың өзекті арқауы (“Ер жүрек халық, күшті халық”, “Бізге жеңіс әперген жер-суымыз (Отанымыз) деп білу керек” т.б.

Тәлімдік тұрғыдан: “Құлақ қойып тыңдаңыздар, тереңнен ойланып-толғаныңыздар! Адам ұлының бәрі де өлмек үшін туады... Менің ағам мені адам етті”, — дейтін жолдар да көңіл аударарлықтай.

Ежелгі түркілердің ауызекі поэзия дәстүрі бізге ІХ ғасырда ғұмыр кешкен әнші, әрі музыкант, небір тамаша күй шығарған Қорқыт атаның есімін жеткізді. Ол адамзат өмірінің соншалық қысқалығына наразы болып, пенде атаулыны ажал құрығынан құтқармақ болады. Қорқыт өзінің жанын жегідей жеген ой-сезімдерін, азалы жанның үрейін, өлімнен қашып құтылудың амалын қобыздың азалы күйімен, поэзиялық көркем тілмен баяндайды. Ол эпос үлгісіндегі поэзиялық мұра ретінде бізге жетті. Мұнда Сыр бойын мекендеген көшпелі тайпалардың тұрмысы мен әдет-ғұрпын, діни наным-сенімдерін бейнелейтін мәліметтер көптеп кездеседі. Олар тәлім-тәрбиелік жағынан аса қызықты дерек болып табылады. Мәселен, “Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым көрмеген ұл жаман... Менмен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді... Ақылсыз

балаға ата дәулетінен қайран жок... Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған түз артық...

Әйелдің төрт түрі болады: оның бірі ниеті қара әйел, екіншісі — нысапсыз әйел, үшіншісі — үйдің құты болған әйел, төртіншісі — кесір әйел...”, — деп келетін Қорқыттың нақыл сөздері өз мөнін күні бүгінге дейін жоймай келеді.

Отырықшы халықтар қалдырған мәдениетке кошпенділер ешқандай үлес қоспаған дейтін керігартпа пікірлердің қисынға, шындыққа сәйкеспейтіндігі белгілі. Қазақстан территориясында жүргізілген археологиялық қазбалардың нәтижелеріне қарағанда, дала кошпенділерінің тек малшы, жауынгер ғана емес, сонымен бірге тамаша сәулетші, мүсінші де болғандығы байқалады. Бұған Маңғыстау түбегінен табылған рухани, мәдени мұралар бірден-бір айғақ. Әсіресе, Сарыташқа таяу жартасты кеулеп салынған Шақпақ ата зираты ғажайып: ол көшпелі тайпалар өнерінің ежелгі, тамаша көркемдік дәстүрлеріне сай өрнектелген. Зират бұдан шамамен мың жыл бұрын жасалған. Төрт бұрышты зәулім мұнараның қабырғалары хайуанаттардың, салт атты садақшылардың суреттерімен оюланған. Онда сайысты бейнелейтін көріністер мейлінше әсерлі. Ою-өрнектің ішінде бес саусағын жайған алақанның бедері жиі ұшырасады. Темірден соғылып, ұзын сырыққа сапталған “бес саусақ” жергілікті қазақ рулары мен тайпаларынан құралған одақтардың жауынгерлік туы іспетті.

Батыс түрік қағанаты ыдырай бастаған кезде (XII ғ.) олардан қимақтар мен қыпшақтар бөлініп шықты. Қыпшақтар ертедегі феодалдық бірлестік кезінде Орта Азия мен Қазақстанды мекен еткен көне тайпалар еді. Олар Ертістен бастап Дунайға дейін кең алқапты билеп-төстеді. Қазіргі қазақтардың арғы аталарының бірінен саналатын қыпшақтарды суропалықтар — қумандар, ресейліктер половцылар (половец) деп атаған болатын.

Қыпшақтардың (половцылардың — С.Қ.) көне мәдениетінің болғаны және олар өздерінің жауынгерлігімен бүкіл Азияның Тұран ойпатынан бастап Еділ, Жайық, Дон өзендерінің бойымен Кавказ, Қырым, Карпат тауына дейінгі жерлерді жаулап алып үстемдік құрғаны туралы О. Сүлейменов, М. Аджи, В. В. Бартольд, Л. Н. Гумилев сияқты ірі тарихшылар, әдебиетші, журналистердің еңбек-

терінде жақсы айтылады. Мысалы, академик В. В. Бартольд (1869—1930) өзінің “Түріктер” атты еңбегінде “Турки в смысле людей, говорящих на языке который мы теперь называем турецким, несомненно, был гораздо раньше... Само слова турк или турук по мнению Томсона, имело первоначальное значение “сила”, “крепость”. Они так называют свой собственный народ турками...”

Турки VI—VIII в.в. принадлежали к народу огуз, и надписи вполне подтвердили это мнение... (стр.23) из всех народных названий встречающихся в Орхоно-Енисейских надписях, только одно встречается в Китайских источниках именно название Киргиз”... (стр.24)

Ал атақты тарихшы-ғалым, этнограф Л. Н. Гумилев өзінің “Көне түріктер” атты еңбегінде ежелгі түріктердің қуатты мемлекеті түрік қағанатының құрылуы 545—581 ж.ж. арасы. Ол көне түркі жазба сәскерткішіндегі батыр қолбасшы Күлтегін туралы айта келіп: “Олардың арғы аталары “түрік-түркі” деп аталып келген және тілдері қадым заманнан қалыптасқан...”

Бұл кездегі түрік тілі орта Алтайдан басталып, сонау қиыр батысқа, гуздар, қаңлылар немесе печенегтер, ежелгі болгарлар мен гундар тұрып жатқан елдер арасына кең жайылып кеткен”— дейді. (25 бет)

Белгілі журналист-этнограф Мұрат Аджидің “Қыпшақтар” атты кітабының “Тастар не туралы сөйлейді?” деген тарауында археолог-академик А. П. Окладниковтың бұдан 200 жыл бұрын Алтай тауы қойнауындағы Таулы Алтай қалашығына келіп, тұңғыш Ұлалы өзенінің бойында жүргізген археологиялық қазба жұмыстарында алғашқы адамдардың тастан қашап жасаған қаруларын тапқан. Олар тастан балта, пышақ, қанжар, садақтың оғының ұшы, найза т.б. жасаған. Бұл қаруларды өңдеп, қырлап жасау үшін арнайы тас өңдейтін станоктар қажет болған. Ал ертедегі алтайлықтар тасты станоксыз отпен, сумен нефрит рудасының ерекше пародасынан жасаған. Сөйтіп, олар тас өңдейтін болат құралдарды пайдаланған. Бұған қарағанда бронза дәуірі Алтайға тас дәуірінен кейін бірден келгенге ұқсайды.

Сондай-ақ археологиялық қазбалар бойынша боренден қиылып салынған, іргесі топырақпен көмкерілген тұрғын үйлердің орындары табылған. Ол үйлердің күншығысқа

қараған есіктері аң терілерімен жабылып, едендеріне шопшалам төселген. Мұндай жер үйлерді тау жынысының аң көп жүретін шатқалдарына немесе жеміс-жидек жиі өсетін озен жағалауларына салатын болған. Олар біртіндеп Алтайдан Орал тауына қоныс аударған. Бұдан 4,5—5 мың жыл бұрынғы Алтай тауларындағы жер кепелерге ұқсас үйлер салынған. Олар Орал тауындағы қазылып табылған Аркаим қалашығының орнынан да табылып отыр. Бұған қарағанда алтайлықтар ертеде Орал тауына орналасқанымен біртіндеп ауа райы жұмсақ жылы жерлерге Батысқа қарай көше бастаған. Бүгінгі Мордва, Удмурд, Коми, Марий, Фин, Карел, Солтүстік орыс халықтары ертедегі алтайлықтардан біртіндеп бөлініп шығып, өзіндік тілін, салт-дәстүрін қалыптастырған елдер. Сондықтан олардың түбі Мұрат Аджидің пікірі бойынша алтайлықтар болып саналады. Автор өз пікірін бұл елдердің тілі, салт-дәстүрі, ою-өрнектері, ән-күйі, би музыкалары мен тұрмыс-тіршілігінің көне түріктермен ұқсастығымен дәлелдейді. Яғни бұдан 4,5—5 мың жыл бұрынғы түркі тайпалары Шығыс Сібірден (Енисей бойынан) тайгаға, одан Алтай тауларына орналасып, біртіндеп Орал тауы арқылы Кола түбегіне Қырым, Кавказ, Карпат таулары мен Жерорта теңізі арқылы Дунай бойына дейінгі бүкіл Еуразия аймағына иелік еткен қыпшақтардың ұрпағы жайлаған аймақ. Оған жер-су, тау, орман-тоғай, озен-көлдердің топономиялық аттарының түп тамыры түркі сөздерімен түбірлес, мәндес екенін дәлел ретінде келтіреді.

Ал қазақтың көрнекті қоғам қайраткері, публицист-ақыны Олжас Сүлейменов өзінің “АЗИЯ” атты еңбегінде осы пікірді былайша дәйектей түседі: “Какой замечательный литературный язык сохранили надписи, высеченные на гигантских стенах, сооруженных в VIII веке на берегах Орхона и Енисея! Этот язык гибкий и могущественный, способный в совершенстве выразить мощные чувства и передавать самые тонкие нюансы поэтической мысли. Письменный литературный язык является первой отличительной чертой государственности. Многочисленные нынешние оседлые народы Европы и Азии тогда еще не обладали подобным богатством...”

Тюрские кочевники почти тысячелетие боролись с исламом и нескончаемом списке истребленных культурных

ценностей во время этой борьбы может фигурировать тюркская письменность. Поэтому памятники рунического письма сохранились только на территориях, которых не достигло мусульманское влияние — на Алтае, в Сибири, в Монголии. Несколько письменных камней открыты в горных, пустынных, труднодоступных районах Казахстана и Киргизии...” дейді. (АзиЯ. А. Жалын. 1990. 41 стр.)

XI—XII ғғ. Әмудария мен Сырдарияның төменгі ағысынан бастап, шығысында Жетісу мен Қашғарияға дейінгі кең өлкеде екі ғасыр бойы түркі тайпаларының Қарахан мемлекеті өмір сүрді. Астанасы — Баласағұн қаласы. Алғашқы феодалдық түрік мемлекетінде экономикалық, әлеуметтік, саяси-мәдени, ғылым-білім мәселелері жақсы жолға қойылған еді. Мұндағы ақын-жазушылар, ғұлама-ғалымдар, сәулетші, құрылысшылар сол кездегі түркі мәдениетінің дамуына зор үлес қосты. Филология ғылымдарының докторы, түріктанушы көрнекті ғалым М. Жолдасбеков өзінің “Ежелгі дәуір әдебиеті” атты еңбегінде “Түркі тектес халықтардың мәдени мұрасы ертедегі жазу-сызудан, әдеби нұсқалардан, жеке ақын шығармаларынан тұрады. Олар түрі бір, тегі бір туыстас өзбек, ұйғыр, қырғыз, қазақ, татар, башқұрт, қарақалпақ, түрікмен, өзірбайжан, хакас, алтай халықтарына ортақ. Олар жеке-жеке ұлт болып қалыптаспаған, аралас-құралас өмір сүрген дәуірден қалған мұралар” — дейді. Олай болса, орта ғасыр ойшылдарының әдеби мұралары барша түркі жұртына ортақ мұра деуге болады.

Осы түркі жұртына ортақ мәдени мұралардың бастау бұлағы отырарлық бабамыз әл-Фараби еңбектерінен бастау алады.

Қазақ топырағындағы Отырарда дүниеге келген ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің (870—950) ғылыми ой толғаныстарына толы сан салалы трактаттарында “Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері”, “Азаматтық саясат”, “Бақытқа жету жолын сілтеу”, “Риторика” (шешендік өнер негіздері), “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат”, т.б. оның педагогикалық, психологиялық, дидактикалық және әдістемелік ой-пікірлері баяндалған. Бұларда оқыту әдісінің ұғынықты, дәйекті, жүйелі, көрнекі болуы, сондай-ақ дағды, әдет, қабілет, икем, мінез, бақыт т.б. тәлім-тәрбиелік ұғымдарға түсінік беріледі, көз

жеткізу, иландыру, мойынсұндыру тәрізді әдіс-тәсілдерге талдау жасайды. Мәселен, Фараби “Үйрету дегеніміз — халықтар мен қалаларға теориялық ізгіліктерді дарыту деген сөз. Тәрбиелеу дегеніміз — халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен онерлерді дарыту деген сөз. Үйрету тек сөзбен іске асырылады, ал тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына іс-әрекет жасау дағдысы сіңіріледі” дейді. “Математикалық трактаттарда” Фараби жүзден аса геометриялық есептердің шешілу әдістерін, олардың құрылымын және шығару жолдарын түсіндіріп, оларды шәкіртке игертудің амалдарын көрсетіп өтеді. Аристотельдің жан туралы ілімін одан әрі дамыта отырып, Шығыс әлеміне тұңғыш рет педагогикалық-психологиялық терминдерді тізген. Фараби жан жүйесі туралы ілімдердің сан-салаға бөлінетінін, музыкалық, педагогикалық, қоғамдық, медициналық болып түрлі іс-әрекеттің түріне орай жіктелетінін көрсетті. Ал оның осы тұжырымдары күні бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ. Фараби мұралары Орта Азия мен Қазақстан халықтарының философиялық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерінің әрмен қарай өріс алуына ықпал етті.

Мұнан кейінгі ірі орта ғасыр ойшылдарының бірі Баласағұни болды. Оның “Құтты білік” (XI ғ.) атты шығармасы бар. Бұл этикалық-дидактикалық шығарма “Құдатғу білік” — ы түркі сөзі. Мұндағы “Құдатғу” сөзі “Құт”, “береке”, “бақыт” деген мағынаны, ал “білік” сөзі “білім”, “кітап” деген мағынаны білдіреді. “Құдатғу білік” қазақша “құтты білік”, “білімді қуаттаушы кітап”, немесе “бақытқа жету ғылымы” деген сөз. Шығарма уақиғасына қатысатын төрт кейіпкер төрт қасиеттің (әділет, дәулет, парасат, қанағат) иелері болып келеді. Осы төртеуінің арасындағы бақыт туралы ой-пікірдің көпшілігі диалогқа құрылған.

Баласағұнидің моральдық-этикалық, психологиялық қағидалары ибн Сина мен әл-Фараби ілімдерімен сабақтасып жатады. Аталмыш дастанда адамдарды тәрбиелеу — мемлекет коздейтін негізгі шаралардың бірі. Зұлымдық — барып тұрған өлеуметтік ауру, оны оқу-тәрбие ісі арқылы ғана жоюға болады. Адамдардың жақсы қылықтары мен қасиеттерін тәрбиелеп жетілдіре берсе қоғам да, мемлекет те жақсара түседі дейтін ағартушылық идея аңғарылады.

Дастаннан әлем төрт түрлі элементтерден (жер, су, ауа, от) құралған, бұлардың пропорциялық теңдігі дүнидегі заттарды бір-бірімен үйлестіріп тұрады дейтін тұжырымға ұқсас жайттар көптеп кездеседі. Сондай-ақ әл-Фараби өзінің “Ізгі қалалардың әкімдері туралы” трактатында қоғамның тыныштығы ел билейтін әкімдердің ақыл-парасатына, ел билеудегі әділеті мен бейбітшілікті жақтауына байланысты десе, Баласағұни да ел билеушіден әділет, дәулет, қанағат, парасат сияқты төрт қасиет түгел табылса, онда мұндай басшысы бар ел бақытты ел, оның әділдігі барша жұртты бақытты етеді, сонымен бірге әкімнің өзін де бақытқа кенелтеді, атын бүкіл әлемге жаяды дейді. Ол үшін басшы ел билеу, шаруашылықты ұйымдастыру туралы ғылымның негіздерін жақсы білуі қажет. Бұған қоса ол адал, шыншыл, халыққа қиянат етпейтін, жан-жақты қабілетті болуы керек, “Ел билеушіге жетпіс өнер аз” дегенді айтады.

Дастанда көтерілген тәлімдік маңызы зор келесі бір мәселе — адамның мінез-құлқы, оның қоғамдағы орны туралы жайттар. Адам — бұл дүниеге қонақ, оның өмірі өткінші. Сондықтан ол артына ылғи да жақсы сөз бен жақсы іс қалдырып отыруы қажет. Бұл үшін ол әркез жаман қылықтан сақтанып, адалдықпен жүріп-тұруы тиіс. Сөз бен істің бір жерден шығуы керек. “Парасат — қараңғыдағы шырақ”. “Біліктілік пен ақылдылық төбенді көкке жеткізеді” — дейді.

Ортағасырлық дәуірде ілкі түркі мәдениетінде “Құтты білікке” тәлімгерлік мағынасы жағынан ұқсас Махмұт Қашқаридің “Диуан лұғат ат-түрік” (“Түркі сөздерінің жинағы”), Қожа Ахмет Иасауидің “Диуани Хикмет” (“Даналық кітабы”), Ахмет Жүйнескидің “Ақиқат сыйы” атты дастандары бар. Бұл еңбектерде де әділдік, адалдық, шыншылдық, ізгілік, қайырымдылық сияқты адами қасиеттер марапатталады. Жомарттық пен қарапайымдылықты, сыйпаылық пен өршілдікті дәріптеп менмендік пен надандықты, сараңдық пен дөрекілікті, жауыздық пен екіжүзділікті шенеп-мінейді. М. Қашқари бақыттың басы таным, білімнен басталады деп қарайды. Ол үшін білімді игеруге ынта, ықылас, тозімділік, парасаттылық қажет дейді. Мәселен:



Парасатпен жалықтастан үйренсең зор білімді,  
Көтересің дандайсымай сынамаққа асыл сырыңды.  
Білімдінің қасына бар күнде, балам, ерінбей,  
Төмен тұрып, үйрен тұрып, тәкәппар боп көрінбей,—

деп өсиет айтады. “Білім деген жеміс беретін мәуелі ағаш”, оған ерінбей еңбек еткендер ғана ие болады дейді. Ал суфизмнің өкілі Ахмет Иасауи адам бақытқа қол жеткізу үшін мынадай сатылардан — шарифат және тарихат жолдарынан өтіп, ой қиялына беріліп, хақиқатқа жету керек. Оны “Диуани Хикметтің”:

Шарифаттың шапанын кимейінше,  
Тарихаттың пырағына мінбейінше,  
Ой әлеміне беріліп батпайынша,  
Хақиқаттың майданына кіріп болмас,—

деген үзіндісінен байқауға болады. Яғни, Иасауише, бақытқа кенелем деген адам, мұсылмандық бес парызды өтсуге (шарифат жолын қууы), Тарихаттың сегіз жолын берік сақтауға: тәубашылық, ғибратшылдық, махаббат, сабырлық, шүкірлік (барға қанағат ету), алланың бергеніне ризалық ету (заһитшылдық), ақиқатты қуаттау, ғаріп-кәсерге көмек-жәрдем беру, қайырымды, ізетті болуға тиіс. Сонда ғана Алланың сүйген құлы боласың дейді. Иасауи діни жолды уағыздай отырып, келер ұрпақты ізгілікке, адамгершілік-этикалық моральдық қасиеттерге ие болуға шақырады.

Ал Ахмет Жүйнекидің “Ақиқат сыйы” атты еңбегінде де осы адами қасиеттер марапатталады. Адамның бақытты болуы мінезге байланысты, қатты ашу келгенде оны тоқтата білген адамның жүрегін Алла ізгі қасиеттерге толтырады. Алла сабырлылықты сүйеді, жақсылықтан үміт етсең, сабыр ет, шыдамды, кешірімді бола біл дегенді айтады.

Бір өкінішті жағдай, кешегі кеңестік саясат кезінде, дін атаулыны адам санасын уландыратын апиын деп біржақты бағалау салдарынан мәдениет тарихымыздан ерекше орын алатын Ахмет Иасауидің “Диуани Хикмет” атты кітабы жетпіс жыл бойы діни мистикалық еңбек деп біржақты бағаланып, беті ашылмай келді. Иасауидің еңбектерін белгілі шығыстанушылар: А. Вамбери, П. Ахмеров,

Уйфальди Бурдан, В. Бартольд, М. Массон, т.б. бұдан өлденеше жыл бұрын зерттеп, өз пікірлерін ортаға салған. Ал шындығында өзінің ақыл-парасат, өсиеттілігімен бұл еңбек бүкіл шығыс елдерінің ғалымдарын тандандырған. XII ғасырда өмір сүрген әрі ақын, әрі ғалым-философ, тарихшы Қожа Ахмет Иасауи бабамыздың ғылыми еңбегін бүгінде ыстық ілтипатпен ауызға аламыз. Бұл бағытта оның туған топырағы Қазақстанда арнайы зерттеу еңбектері енді ғана жарық көре бастады.

Иасауи еңбектерінде баса айтылатын ой — адамды тура жолға бастаушы жаратушы күшке табыну, оның хақтығына тағзым ете отырып қиянатсыз, бейкүнө, адал жандарды тәрбиелеу жайлы тұжырымдары әлде де зерттей түсуді қажет етеді. Бұл жерде Иасауидің софылық еңбектері өзінен кейінгі ақын-жыраулардың дүниетану қозғарастарына, қала берді жазба әдебиетіміздің шырқау биігі атанған Абайға да азды-көпті әсерін тигізгенін айта кету қажет.

Иасауи айтқандай, Абай да “Күдай — хақ, иман — парыз”, — дей отырып: “Жақсылық, жамандықты жаратқан күдай, бірақ қылдырған күдай емес. Ауруды жаратқан күдай, ауыртқан күдай емес. Байлықты, кедейлікті жаратқан күдай. Бай қылған, кедей қылған күдай емес... Күдайдан қорық, пендеден үял, балаң бала болсын десең оқыт... Иман, обал, сауап бар жерде әділет бар... Хақтың жолы осы”, — деп халықты имандылыққа, мейірімділікке, әділеттілікке, оқу-ағарту ісіне үндеген.

Әл-Фарабиден бастап орта ғасыр ойшылдарының бәрі араб, парсы, көне түркі мәдениетін меңгерген, діни мектеп, медреселерде оқып, жоғары білім алған ғұламалар. Олар діни қағидалармен қоса, пәлсапа, риторика, тарих, поэзия, математика т.б. дүнияуи ғылымдарды оқып меңгеру арқылы білім, ғылым негіздерін еркін игерген жан-жақты жетілген ғұламалар. Оның себебі X—XV ғасырлар аралығында Орта Азия мен Қазақстан топырағындағы медресе шәкірттеріне арналып математика, логика, этика пәндері бойынша көптесген оқу құралдары жарық көрді. Тафтазани жазған “Мантик” (Логика) оқу құралы медреселерде ұзақ жылдар бойы қолданылып келді. Тафтазанидің ізбасарлары болған ортаазиялық аса көрнекті ойшыл-ғұламалар Дауани (XV ғ.) мен Жүсіп Қарабағи (XVI ғ.) жазған кітаптарды

қазақ халқының ұлы ақын-ағартушысы Абай Құнанбаевтың пайдаланғаны мәлім боп отыр. Мәселен, ұлы ақын Абай өзінің “ғылым таппай мақтанба” деген өлеңінде жастарға ғылым-білімнің оқу мен тоқу, ерінбей іздену арқылы қолға түсетінін айта келіп:

Сөзіне қарай кісіні ал,  
Кісіге қарап сөз алма.  
Шын сөз қайсы біле алмай  
Әр нәрседен құр қалма...  
Мұны жазған білген құл  
Ғұламаһи Дауани —  
Солай депті ол шыншыл,—

деп білім, тәлім іздеген жастарға XV ғ. өмір сүрген шығыс ойшылы Дауанидің сөзін онеге етіп ұсынады. Тафтазани, Дауани, Қарабағилардың тәлімгерлік ойлары ертедегі мектеп, медреселерде оқу құралдарынан өзекті орын алған. Абай өзінен бұрынғы шығыс ойшылдарының пәлсапалық, тәлімгерлік ойларын осы оқулықтар арқылы оқып танып білген.

Қазақстан тарихынан елеулі орын алатын уақиғалар XIII ғ.басындағы Шыңғысханның шапқыншылығынан туындады. Осымен байланысты бұл аймақ моңғолдардың ұлы империясының құрамына енді. Орыс жылнамаларында мұны Алтын Орда дәуірі деп атайды. Кең-байтақ қазақ даласы лаулаған орт құшағында қалды. Көне мәдениеттің көздері — Отырар, Сығанақ, Исфиджаб қалаларын жалын жалмады. Моңғол шапқыншылығы Қазақстанның мәдени жағынан дамуын бірнеше ғасырларға кешеуілдетті. Оның дербес мемлекет болып, егемендік алу кезеңін Ресей барынша шектеуге тырысты. Алтын Орда ыдырап, Ресей қол астына қарағанға дейін (1731) бұл өңір кескілескен шайқастардың, қанды майдандардың үлкен аренасы болып келді. Жат жерлік басқыншылар ондаған қалалар мен елді мекендерді жермен-жексен етті. Осы өлкеде тұратын халықтардың экономикасы да, рухани өмірі де қатты күйзеліске ұшырады.

Бір кездері әл-Фараби дүниеге келген Отырар (арабша Фараб) ортағасырлық Қазақстанның гүлденген мәдени орталығы болды. Мұнда іргелі обсерватория, кітапхана,

медресе, керуен сарайлар, т.б. болған. Атақты Жібек жолының үлкен торабы ретінде осы қаладан алыс елдерге қатынасушы бай саудагерлер үзілмеуші еді. Отырар тұрғындары қара құрымдай қаптаған моңғол түмендеріне бірінші болып тосқауыл жасады. Алты айға созылған жан-қиярлық күрестен кейін моңғолдар тұрғын халықтың қарсылығын басып, қаланы қиратты. Ойрандалған Отырарда даңқты Александрия кітапханасынан кейін екінші орын алатын үлкен кітап қоймасы, басқа да мәдениет ошақтары жойылып кетті.

Осындай қиын-қыстау кезеңнің өзінде де дала тұрғындарының арасынан небір орақ ауыз, от тілді ақын-жыраулар, шежіре шешендер, қара қылды қақ жарған, әділ сөзімен аты аңызға айналған ғұламалар шықпай қалған жоқ. Дала Демосфендері халықтың рухани мәдениетінің оркен жаюына олшусіз үлес қосты. Моңғол шапқыншылығы мен Алтын Орданың ыдырауына дейінгі аралықта (XIII—XV ғ.) түркі тілінде едәуір жазба мұралар жасалып, бұларда тәлім-тәрбиелік сипаттағы кеңестер уағыздалды. Мәселен, Р. Хорезми (XIII ғ.) өзінің “Махаббат намасында”: “Төзімнен артық нәрсе жоқ”, “Ақыр түбі адалдық жеңеді”, “Адамның жүрегі тазалыққа талпынады”, “Қиялдағы жұмақтан қолыңдағы бір жұтым су мен бір шайнам нан артық”, — деп тұжырымдаса, осы кезеңде өмір сүрген келесі бір ғұлама Сайф Сараи (XIV ғ.) өзінің “Гүлстан” атты дастанында “Адамның артында алтынға толы ақ сандық қалғанша, ізгілікке толы жақсы ат қалғаны мақұл”, “Күншілдің көзіне дарындылық — мінің болып көрінер”, “Іші тар құсадан арылмас, жаны жайсаңның өсте көңілі тарылмас” деген секілді толып жатқан ғибрат сөздер уағыздалады.

Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңдердің әр бұрылыстарында (XII—XIV ғғ.) тәлім-тәрбие саласында сындарлы пікір айтқан ғұламалар аз емес. Олардың қатарына Жамал Қарши, Сүлеймен Бақырғани, Жамалладин Сунақи, Шайқы баба Ғибаттулла т.б. жатқызуға болады. Бұл жерде басқасын былай қойғанда әл-Фараби есімді онскі ғұламаны айтсақ та жетерлік.

Қазақтың тәлім-тәрбиелік ой пікірлерінің қалыптасу тарихында XIV—XV ғасырларда өмір сүрген көшпенді елдің

ортағасырлық ғұлама-ғалымы Отейбойдақ Тілеукабылұлының (1388—1483) жан туралы пайымдаулары ерекше назар аудартады. Оның басты еңбегі “Шипагерлік баянда” көптеген психологиялық ұғымдар (түйсік, ойлау, сөйлеу, қиял, дағды т.б.) туралы қызықты мағлұматтар бар. Ол өзінен бұрын өмір сүрген ұлы ғұламалардың (әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни т.б.) жан туралы түсініктеріне сүйене келіп, бүткіл тіршілікті басқарушы, реттеуші жүрек дейді. Сөйте тұра, жан құбылыстарын басқаруда мидың атқаратын рөлін де жоққа шығармайды. Оның адам есіне, ойлауына байланысты айтқандары ғылыми тұрғыдан дәйекті де нанымды. Ол ес — корген, естіген нәрсені жадта сақтау үшін аса қажет дейді. Адам тез аңғарғыш, байқағыш және есте қалдырғыш болуы тиіс (“...тез, шапшаң, жеткілікті аңғарып, ойға қонымды, көңілге толымды, өте нанымды, бүгешігесіне дейін ойда сақтау”). Автор есті дамыту үшін көптеген тау-тас, жер-су және жан-жануарлардың аттарын жаттап алудың қажеттілігіне үлкен мән береді. Адамның есте сақтау қабілетінің ойдағыдай дамуына негіз болатын қасиеттің бірі — зерделілік пен зейінділік. Оның пікірінше, саналы іс-әрекет зейінсіз іске аспайды. Еңбекте зейін көбінесе “мәңгілік аңғарым” деген ұғым мағынасында беріліп, оның адамның мақсатты қызығуына байланысты қалыптасатыны біраз сөз болады.

Ғұлама затты, іс-әрекетті жан-жағынан қара, қолыңмен ұстап көр, бір-бірімен салыстыр, одан соң барып толған, ойткені толғану сараланбаса, ойлау дараланбайды дей келе, ойлаудың сөйлеу қызметіне байланысты екендігін баса айтады. Ойды сөз арқылы бейнелеудің арқасында адам өзінен бұрынғылардың ілім-білімдерін есіне сақтап қалады, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады. Айтар ойымызды шижамалап (жазбаша — Қ.Ж.) қағазға түсіргенде ғана оны түгелдей есте сақтай аламыз. Айтар ойынды алдымен өзін түсініп ал, алдамшы сезімге беріліп үстірт ойлау — үлкен қателік, жақсылап түсіну үшін көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстау қажет. Жұмсақ, байыпты, сыпайылықпен сойлеу — жарасымды қасиет (“Жақсы сөйлемелік (сойлеу) жанға шырай бермек”). Ғалымның қиял, сезім, мінез-ерік, жігер, қабілет туралы айтқандары да көңіл аударарлық. Ол жақсы мінезге батырлық пен

батылдықты, қайсарлық пен әділдікті жатқызады, адамның өзін-өзі билеуге, кейбір сезімдерін (кектеніс, шошыныс, үрейленіс, өкініс, түршігіс т.б.) реттеп, тежеп отыруға үлкен мән береді.

Тәлімгерлік ғылыми ой-пікірлерді осы кезеңде өмір сүрген ортағасырлық қазақ ғалымдары Мұхаммед Хайдар Дулати (1499—1551), Қадырғали Жалайри (1530—1605) т.б. еңбектерінен де кездестіруге болады. Әсіресе М. Х. Дулатидың “Тарих-и Рашиди” атты еңбегі Қазақстан, Орта Азия елдеріндегі түркі тайпаларының көне мәдениет тарихын оқып танып білуге тигізер пайдасы мол, аса құнды энциклопедиялық еңбек. М. Х. Дулати өзі өмір сүрген кезеңге дейінгі түркі әлемінде танылған тарихи тұлғаларды толық дерлік қамтыған. Оның алғаш қазақ хандығының құрылуы туралы тұңғыш мәліметті жазып қалдыруының өзі тарихи жаңалық болып саналады. Сонымен қатар ол әрі әскери қолбасшы, әрі тарихшы, әрі әдебиетші-ақын бола отырып, өзі тікелей қызмет еткен Орта Азия, Моғолстан, Қытай, Ауғанстан, Үндістан елдерінің тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпы туралы да аса құнды материалдар жазып қалдырған.

М. Х. Дулати бұл еңбекті жазбас бұрын бүкіл Қытай, Моңғол, Иран, Түрік, Араб, Орта Азия елдерінің өзінен бұрынғы ғұлама-ғалымдарының еңбектерін оқып, салыстыра отырып, ғылыми құнды және дәйекті пікірлер айтқан. Бұл еңбекті жазу кезінде 60-тан астам әр түрлі авторлардың еңбектерін пайдаланған, Құран Көрімге 90 рет сілтеме жасаған. Құранның сүрелерінен үзінділер келтіріп отырған. Бұған қарағанда М. Х. Дулатидың Алланың сөзі — құранды жатқа білетін хафиз екендігі де байқалады.

XV—XVIII ғғ. қазақ даласындағы хандық дәуірмен байланысты Асанқайғы бастаған ақын-жыраулар поэзиясынан ғасырлар сырын, халықтың салт-санасы мен тұрмыс тіршілігін, ой-өрісін, тілек-мақсаттарын айқын аңғарамыз. Өйткені жыраулар толғауларынан халықтың небір нәзік сырлары, мұң-мұқтажы, қайғы-қасіреті, қуаныш-сүйініші, келер ұрпаққа айтар өсиет-өнегесі өзекті орын алады. Оны XV ғасырдың орта кезінде өмір сүрген қазақ даласының ұлы ойшылы, халқымыздың әлеуметтік ой-пікірінің көшбасшысы бола білген сәуегөй данышпан ойшылы Асанқайғы творчествосынан байқауға болады. Қазақ аңыз-